

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020  
ISSN 2710-3994



**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)  
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)  
Аяған Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)  
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)  
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)  
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)  
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)  
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)  
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)  
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)  
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)  
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)  
Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)  
Матыжанов Кенжехан Ісламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)  
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)  
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)  
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)  
Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)  
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)  
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)  
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)  
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)  
Таймағамбетов Жәкен Қожаметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

- Абашии Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*  
*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*  
*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*  
*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*  
*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*  
*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*  
*Голден Кэйти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*  
*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*  
*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*  
*Кожамжарова Дария Пернеиовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*  
*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*  
*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*  
*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*  
*Кумекон Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчакостроения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*  
*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*  
*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*  
*Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*  
*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*  
*Римантас Желвис (Želvyas Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*  
*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*  
*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*  
*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*  
*Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**

Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**

Хумарзах Алтынбек



**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*  
*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želyys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

### Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ-САЯСИ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Серубаева А.Т.**

PhD доктор, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Бұл мақалада Ш. Уәлиханов зерттеулеріндегі Шығыс Түркістанның этникалық-саяси тарихы мәселелері қарастырылады. Ғалымның Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналған зерттеулеріне ХІХ ғасыр тұрғысынан баға беріліп, оның ғылымға қосқан үлесі көрсетіледі. Шығыс Түркістан ХІХ ғасырдың ортасына дейін әлемдік ғылымға белгісіз болып, оның негізгі халқы, мәдениеті мен шаруашылығы жөнінде ғылымда нақты пікірлер мен тұжырымдар болған жоқ. Шоқан Уәлиханов осы бос кеңістікті терең ғылыми зерттеулерімен толықтырды. Сол себепті де, оның бұл ел туралы жазған еңбектері мейлінше маңызды болып табылады. Мәселен, ғалым ұйғыр халқының этногенезін зерттеу барысында халықтың шаруашылығы мен мәдениетін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, діни наным-сенімдерін кешенді түрде зерттеді. Ол Шығыс Түркістанның негізгі халқы ұйғырлардың этникалық құрамын ғылымда алғаш рет анықтап берді. Ш. Уәлиханов Шығыс Түркістанның ежелгі және ғасырлардағы тарихын зерттеп, онда билік еткен хандардың генеалогиялық кестесін сыза отырып, онда буддизм діні мен ислам дінінің үстемдік ету мерзімін анықтауға тырысқан. Ғалым әр уақытта деректерге сын көзбен қарап, салыстырмалы талдау жасау арқылы, өзінің тұжырымдары мен қорытындыларын аса байыппен жасады. Қашғардан алып келген «Сүтүк Бұғрахан тарихы», «Тұғлық Темір хан тарихы», «Қожалар тарихы», «Абумүслим Мауризи» қолжазбаларына ерекше мән беріп, оларды өзінің еңбектерін жазу барысында кеңінен пайдаланып, ғылыми айналымға бірінші болып енгізді. Қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы Шоқан Уәлиханов өзінен кейінгі ұрпаққа зор рухани мұра қалдырып, Орталық Азия халықтарының тарихын зерттеуде зор еңбек сіңірді.

**Түйін сөздер:** «Қожалар тарихы», «Тұғлық Темір хан тарихы», Шығыс Түркістан, Орталық Азия, Қашғария, Орыс географиялық қоғамы, этнография, Шығыстану, орта ғасыр, Шыңжаң, «Сүтүк Бұғрахан тарихы»

### ПРОБЛЕМЫ ЭТНИКО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ш. УАЛИХАНОВА

**Серубаева А.Т.**

PhD, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати. Казахстан, Тараз.

**Аннотация.** *Введение.* В данной статье рассмотрены проблемы этнико-политической истории Восточного Туркестана в исследованиях Ш. Уалиханова. Труды ученого посвященные истории и культуре народов Восточного Туркестана, были оценены с точки зрения ХІХ века, и отмечены его вклад в науку. Восточный Туркестан до середины ХІХ века не был известен мировой науке, не было четких взглядов и выводов по его основному народу, культуре и хозяйству. Шоқан Уалиханов дополнил это свободное пространство глубокими научными исследованиями. Поэтому наиболее важными являются его труды, написанные им об этой стране. Например, в ходе

изучения этногенеза уйгурского народа ученый изучал хозяйство и культуру народа, быт, обычаи, религиозные убеждения. Он впервые в науке определил этнический состав уйгуров Восточного Туркестана. Ш. Уалиханов, изучив древнюю и средневековую историю Восточного Туркестана, составил генеалогическую таблицу правивших ханов, попытался определить в ней срок господства буддизма и ислама. Ученый всегда с критическим взглядом относился к источникам, и делал сравнительный анализ, выводы. Особое внимание уделялось рукописям «История Сутук Буграхана», «История Туглука Темир хана», «История Ходжей», «Абумуслим Мауризи», широко использовавшим их при написании своих трудов, Шокан был одним из первым внесшим их в научный оборот. Первый казахский ученый-просветитель Шокан Уалиханов оставил глубокое духовное наследие потомкам, внес огромный вклад в изучение истории народов Центральной Азии.

**Ключевые слова:** Восточный Туркестан, Центральная Азия, Кашгария, Русское географическое общество, этнография, Востоковедение, средневековье, Синьцзян, «История Сутук Буграхана», «История Туглука Темир хана», «История Ходжей».

## ISSUES OF ETHNIC AND POLITICAL HISTORY OF EAST TURKESTAN IN THE RESEARCH BY SH. UALIKHANOV

Serubayeva A.T.

M.H. Dulati Taraz Regional University.Kazakhstan, Taraz.

**Abstract. Introduction.** This article examines the issues of ethnic and political history of East Turkestan in the research of sh. Ualikhanov. The works of the scholar devoted to the history and culture of the peoples of East Turkestan were evaluated from the point of view of the XIX century, and his contribution to science was noted. East Turkestan was not known to world science until the middle of the XIX century, there were no clear views and conclusions about its main people, culture and economy. Shokan Ualikhanov supplemented this free Space with deep scientific research. Therefore, the most important are his works written about this country. For example, in the course of studying the ethnogenesis of the Uyghur people, the scientist studied the economy and culture of the people, life, customs, and religious beliefs. Sh. Ualikhanov studied the ancient and medieval history of East Turkestan, compiled a genealogical table of the ruling khans, and tried to determine the period of the rule of Buddhism and Islam. The scientist always had a critical view of the sources, and made a comparative analysis and conclusions. Special attention was paid to the manuscripts "history of Sutuk Bugrahan", "History of Tughluk Temir Khan", "history of Khojas", "Abumuslim Maurizi", which were widely used in writing their works. Shokan was one of the first to introduce them into scientific circulation. The first Kazakh scientist and educator Shokan Ualikhanov left a deep spiritual legacy to descendants, made a huge contribution to the study of the history of the peoples of Central Asia.

**Keywords:** East Turkestan, Central Asia, Kashgaria, Russian Geographical Society, ethnography, Oriental Studies, Middle Ages, Xinjiang, «History of Sutuk Bugrakhan», «History of Tuglyk Temir Khan», «History of Khoja».

## Кіріспе

Қазақтың әлемдік өркениет деңгейіндегі тұңғыш жарқын тұлғасы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақ халқының ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге зор үлес қосты. Шоқан Уәлихановтың еңбектері Орталық Азия халықтарының этногенез, қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, тарихи географиялық мәселелерін зерттеуде маңызды дерек көздері болып табылады. Ғалымның орта ғасыр тарихын жақсы білетіндігі соншалық, өзінің шығармаларында аталған мәселелерді көптеген шығыс, батыс және орыс деректерімен салыстырып, талдау жасап отырған. XIX ғасырдың бірінші жартысы мен ортасы төл тарихымыздағы елеулі кезең болып табылады. Шоқан осы кезеңде өмір сүріп, оның ағартушылық-демократиялық көзқарастары қалыптасты.

Әлемде Шығыс Түркістанды зерттеу XIX ғасырда қолға алынды. Аталған аймақты зерттеуді 1845 жылы құрылған Орыс географиялық қоғамы басқарды. Алғашында қоғам зерттеуді географиялық мақсатта жүргізді. Олар карталар жасау, керуен жолдарын анықтау, сондай-ақ этнография мен археологиялық ескерткіштерді зерттеумен шұғылданды. П.П. Семенов Орыс географиялық қоғамы қызметінің екінші жылы ішкі Азияны ғылыми зерттеуге арналды деп жазды (Литвинский, 1988: 38). Әсіресе, XIX ғасырдың 70-ші жылдары Орталық Азияны зерттеу Орыс географиялық қоғамының негізгі ғылыми қызметіне айналды.

XIX ғасырдың ортасында орыс шығыстануы әлемде жетекші орынға ие болды. Атап айтқанда, қытайтану саласында көптеген жұмыстар жасалды. Н.Я. Иакинф (Бичурин) Орталық Азия халықтары туралы ежелгі дәуірден XVIII ғасырға дейінгі қытай деректерін жинап, аударма жасап, ғылыми айналымға енгізді. Орталық Азия халықтарының орта ғасыр тарихы бойынша көптеген парсы-тәжік және түркі деректері жарық көрді (Литвинский, 1988: 39).

Ресейдің Шығысты зерттеу орталықтары – Азиялық мұражай, Қазан университеті, Петербург университеті, Лазаревск институты, Одессадағы Ришельевск лицейінің жанындағы Шығыс институты, әр түрлі миссиялар, мектептер, курстар, училищелер, гимназиялар практикалық жұмыс пен ғылыми қызмет салалары үшін мамандар даярлады. Ресейдің бірқатар ғалымдары В.В. Григорьев, Н.Я. Бичурин, В.П. Васильев, И.Н. Березин, Х.Д. Фред, В.В. Вельяминов-Зернов, М.А. Казем-Бек, О.И. Сенковский, О.М. Ковалевский, Г. Гомбаев, Д. Банзаров тағы басқалардың еңбектері мен зерттеулері кеңінен танылып, олар әлемдік деңгейде белгілі болды (Сүлейменов, 1985: 22).

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының негізгі деректік қорын академик Ә.Х. Марғұланның ұйымдастыруымен 1984-1985 жылдары жарық көрген Ш.Ш. Уәлиханов шығармаларының бес томдық жинағы мен 2010 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген ғалым шығармаларының қазақ тіліндегі басылымы құрады.

«Ғылым Ордасының» сирек қолжазбалар қорында Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі, еңбектері туралы мұрағат деректері 23 қорда сақталған. Онда Ш. Уәлихановтың Қашғарияға сапары нәтижесінде жазылған еңбегі «Алтышардың жағдайы туралы» есебі Ғылым Ордасының сирек қолжазбалар қорының 23-ші қордың 21 ісінде (Ғылым Ордасының сирек қолжазбалар қоры, 23 қор); Шыңғыс Уәлихановтың Шоқанға жазған хатының фото-көшірмесі 28 істе (ҒОСҚҚ, 23 қор) сақталған; 24 істе (ҒОСҚҚ, 23 қор) 14 беттен тұратын фотолар сақталған. Бұл суреттер Ш. Уәлиханов шығармаларының 5 томдығына кірмеген. Сондай-ақ, аталған қордың 25 ісінде (ҒОСҚҚ, 23 қор) «Отрывки стихотворений на уйгурском и персидском языках, письма Валиханову от Кашгарских друзей» және «Монгольские письма, рисунки» деген құжаттар сақталған.

Р.Б. Сүлейменов пен профессор В.А. Мойсеевтің «Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы» атты іргелі зерттеуі мақаланың негізгі дерегі ретінде қолданыс тапты. Сондай-ақ, Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 және 175 жыл толуына орай ұйымдастырылған халықаралық конференция материалдары жинағында жарияланған ғалымның Шығыс Түркістанға саяхатына арналған мақалалардан маңызды мәліметтер алынды.

Г.М. Исхаковтың «Этнографическое изучение уйгуров Восточного Туркестана русскими путешественниками XIX века»; «Вопросы этнической истории уйгуров в исследованиях Чокана Валиханова»; Г.М. Исхаков, С.Г. Кляшторный, А.М. Решетов, Т.Р. Рахимовтың «Достижение советских ученых в историко-этнографическом изучении уйгуров» және Б.А. Литвинскийдің «Чокан Валиханов – исследователь Центральной Азии» атты зерттеу мақалаларында Шығыс Түркістанның эникалық-саяси тарихына қатысты құнды деректер мен тың тұжырымдар жасалғанын ерекше атап өткен жөн.

Әлемдегі өркениетті елдердегі сияқты тарих ғылымының теориясы мен методологиясы біздің еліміздің отандық тарих ғылымы бойынша дұрыс жолға қойылуы керек. Мақала талдау мен жинақтау, тарихи жүйелілік, салыстырмалы талдау, шынайылық, хронологиялық тәртіп, логикалық бірізділік тағы да басқа ғылыми-әдіснамалық принциптер басшылыққа алына отырып жазылды. Әлемде қалыптасып келе жатқан тұлғатану саласының өркениеттілік ұстанымына ерекше көңіл бөлінді. Кез-келген жеке тұлғаның ғылыми мұраларын талдап, талқылау барысында оның ғылым мен мәдениетке, жалпы өркениеттің дамуына қосқан үлесіне ерекше мән берілуі қажеттігі басты назарға алынды.

### Талқылау

Ш. Уәлихановтың өмір жолы мен қызметі, ғылыми мұрасы жайлы деректер оның көзі тірісінде жариялана бастады. Ғалымның «Жоңғария очерктері», «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан Лу провинциясының (Кіші Бұхара) шығыстағы алты қаласының жағдайы», «Уәлихан-төре көтерілісінің эпизоды» атты еңбектері «Орыс Императорлық Географиялық қоғамы» жазбаларының 1861 жылғы еңбектерінде жарияланды. Атақты шығыстанушы Н.И. Веселовский «Қырғыз хандарының ұрпағы және орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану көгінен құйрықты жұлдыздай ағып өтті. Орыс шығыстанушылары оны бір ауыздан ерекше құбылыс деп мойындап, болашақта түркі халықтарының тағдыры туралы ұлы және маңызды жаңалықтар ашады деп үміттенген еді...» (Веселовский, 1904: 531) деп жазды.

Ш. Уәлихановтың ғылыми бағыты сан қырлы. Оның еңбектерінде тарихтың, этнологияның, саясаттанудың, философияның, дінтанудың, географияның және басқа ғылым салаларының өзекті мәселелері қарастырылды. Соның ішінде ғалымның Орталық Азия халықтарының этникалық-саяси, рухани-мәдени, тарихи географиялық мәселелеріне арналған зерттеулерінің маңызы ерекше болып табылады. Өйткені, ғалым осы тақырыптармен өмірінің соңына дейін айналысты. Оның еңбектерін әртүрлі ғылым салаларының өкілдері өздерінің зерттеу нысанына айналдырып, арнайы диссертациялар жазды. Айтап айтқанда, К. Бейсембиев «Развитие общественно-политической и философской мысли Казахстана после присоединения к России» (К. Бейсембиев, 1957, 34); О.А. Сегізбаев «Мировоззрение Ч. Валиханова» (Сегізбаев, 1958: 16); А. Исаков «Идеи свободомыслия и атеизма в трудах первого казахского ученого и просветителя Чокана Валиханова» (Исаков, 1961: 17); Г.М. Исхаков «Этнографическое изучение уйгуров Восточного Туркестана русскими путешественниками XIX века» (Исхаков, 1976: 131); А.А. Атишев «Политические взгляды Ч.Ч. Валиханова» (Атишев, 1962: 21); Д.И. Дулатова «Исторические взгляды Чокана Чингисовича Валиханова» (Дулатова, 1963: 48); О.А. Султаньяев «Русская и казахская лексика фразеология произведений Чокана Валиханова» (Султаньяев, 1994: 52); Г.Р. Усенова «Государственно-правовые взгляды Ч.Ч. Валиханова» (Усенова, 1996: 24);



қырғыз ғалымы Ч.Д. Турдалиева «История и культура кыргызов по трудам Ч.Ч. Валиханова» (Турдалиева, 2000: 24); С.К. Өтениязов «Ш.Ш. Уәлихановтың ғалым ретінде қалыптасуына алдыңғы қатарлы Россия интеллигенциясының әсері» (Өтениязов, 1993: 156); Г.Ш. Валиханова «Проблемы теории и истории казахской культуры в творчестве Ч.Ч. Валиханова» (Валиханова, 2004: 21); И.Р. Ишембетов «Взгляды Валиханова Ч.Ч. на право и государство» (Ишембетов, 2006: 26); Р.Т. Тлеуқабылова «Ш.Ш. Уәлихановтың әскери-теориялық көзқарастары (1847-1865 жж.)» (Тлеуқабылова, 2005: 29); Ж. Бейсенбайұлы «Ш. Уәлиханов – әдеби мұра зерттеушісі:» (Бейсенбайұлы, 2010: 26).

### Нәтижелері

Шоқан Уәлиханов «Орталық Азияның шығыс бөлігі дәлірек айтқанда Орталық Азия қыраты өзінің әлемге мәлім жанар тауларымен және терең сырлы халқымен осы уақытқа дейін, соңғы уақыттағы географияның үлкен табыстарына қарамай мүлдем жан баспаған жер болып келеді. Жыл сайын біз Африка мен Австралияның ішіне жасалып жатқан саяхаттар туралы, ержүрек саяхатшылардың ғылымның пайдасына ашып жатқан жаңалықтары туралы хабарлар оқимыз, ал осы (уақытқа) дейін ішкі Азияға кіру жөнінде бірде-бір әрекет жасалған жоқ. Адамзаттың бесігі Азия-Африкаға қарағанда ғылым үшін қалайша қызықты емес?... Біздер, орыстар үшін Орта Азияны, біздің көршімізді зерттеп білуге немқұрайды қарау әсіресе кешірілмес күнә» (Сүлейменов, 1985: 21) деп жазды.

1858-1859 жылдары Ш. Уәлиханов ұзақ та, тыңғылықты дайындықтан кейін Шығыс Түркістанға ғылыми саяхат жасады. Қашғарияға Марко Поло мен иезуит Гоестен кейін бұл аймаққа шетелдіктердің аяғы басып кірмеген болатын. Ол кезде Шығыс Түркістан Еуропа ғылымы үшін белгісіз болып келді (*Марғұлан*, 2011: 47)

Сол кезеңде ғылымда Орталық Азия және оның халықтары туралы ежелгі араб, парсы, сирия деректерінен алынған антикалық дәуірден ерте ортағасырға дейінгі тарихы ғана белгілі еді (*Хасанов*, 1963: 42). Ал, географиялық карталарда Орталық Азияның үлкен кеңістігі ақтаңдақ беттерге толы болды.

Ш. Уәлиханов Қашғарда жарты жылдай (*1858 жылдың 1 қазанынан 1859 жылдың наурыз айының ортасына дейін*) болды. Осы уақыттың ішінде ол Қашғар қаласын жақсы біліп, алтышар елін зерттеуге мүмкіндік алды. Ол кезде Алтышар деп, солтүстігінде Тянь-Шань тауларымен, оңтүстігінде Куэн-Луньмен қоршалған қалалар: Қашғар, Ақсу, Үш Тұрпан, Янысар, Яркенд және Хотан қалаларын атаған. Ғалым алғашқы күннен-ақ мұнда қоқандықтар ерекше артықшылықтарға ие екенін аңғарған. Уәлиханов Қашғарда тұрған кезде алғашында «ақсақал» Насреддин, сосын Нұрмағамбет дат болды. Екеуінің де ғалымға жасаған қамқорлығы мен көрсеткен көмегінің нәтижесінде аталған ғылыми экспедиция зор жетістіктермен елге оралды.

Аталған екі тұлғаның ықпал етуімен Ш. Уәлиханов түрлі елдердің көпестерімен, саяси қайраткерлерімен, ғалымдарымен, ақындарымен танысып, олардан Алтышардың өткен тарихы мен сол кездегі жағдайы туралы мәліметтер жинады. Уәлиханов сондай-ақ, тарихи мәліметтерді жазба деректерден, жергілікті ресми құжаттар мен кітаптардан алып, шенеуніктер мен көпестердің қосымша әңгімелерімен толықтырып отырды. Ғалым Шығыс Түркістанды жан-жақты зерттеп, оның саяси және экономикалық құрылымымен танысып, осы елді ежелден мекендеп келе жатқан халықтардың тарихы мен этнографиясы бойынша бай материалдар қорын жинақтады (*Юсупов*, 2009: 35). Ш. Уәлиханов 11 наурызда қайтар жолға шықты. Оның Қашғар экспедициясының нәтижелері өте маңызды болды. Ол ғалымдардың орасан зор қызғушылығын туғызды.

Атақты кеңес археологы А.Н. Бернштам: «Шоқан Уәлиханов жасаған тарихи және этнографиялық сипаттағы пайымдаулар өзінің тереңдігімен және жасаған қорытындыларының

маңыздылығы жағынан неғұрлым атақты және кейіннен орыс тіліне аударылған Шоудың Шыңжаң туралы (1868-1969) және Форсайттың миссиясы жазған (1870-1873) Белльдің жұмыстарына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр» (*Бернишам*, 1947: 52). деп баға беруі, Ш. Уәлихановтың Қашғарға жасаған саяхатының қаншалықты маңызды болғанын көрсетіп берді

Уәлиханов Қашғардан «Сүтүк Бұғрахан тарихы», «Тұғлық Темір хан тарихы», «Қожалар тарихы», «Абумүслим Мауризи» және басқа да сирек кездесетін шығыс қолжазбаларын алып келді. Шоқанның есімін әлемге паш етіп, оның ғылыми жаңалығын бүкіл әлем мойындаған еңбегі «Алтышар немесе Қытай провинциясы Нан-Лудың (Кіші Бұхария) алты шығыстық қалаларының 1858-1859 жылдардағы жағдайы туралы» болды. Бұл еңбек Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен мәдениетіне, географиясы мен әлеуметтік құрылысына арналып, ғалым өмір сүрген кезеңнің ғылыми жетістіктеріне орайластыра, жазылған алғашқы ғылыми еңбек болды.

Ол Орталық Азияның жағдайын зерделей келе, оның мәдениет пен өркениеттен тыс қалып, қараңғылықта өмір сүріп жатқанына қатты қынжылады. Қараусыз қаңырап жатқан даланы, бір кездері көп қақпалы қалалардың орнында әр жерде орналасқан саз-тамдарды, ислам ықпалынан және жергілікті билеушілердің діни және монархиялық қатыгездігінен, екінші жағынан қытайлықтардың әскери билігінен әбден азып-тозған, жабайы, қараңғы тайпаларға көңілі күңіренеді (*Уәлиханов*, 2010: 341-342). Молдалар бұрыннан келе жатқан ескерткіштердің барлығын жойып, тек қана медреселер, мешіттер, мұсылман әулиелерінің молалары ғана бізге жетті дейді.

Сонымен қатар Шоқан Уәлиханов Орта Азияның билеушілері ата-бабалары сияқты өлең, естелік жазбайтынын, білім-ғылымнан алшақтап қалғанын, есесіне дінге қатты ден бұрып мешіттен шықпай молдамен сыпайы әңгіме құрып, мешіттен шыққаннан кейін қатыгездікке бой алдыратынын қатты сынға алды. Орталық Азияның бір бөлігі болып саналатын Кіші Бұхарияның жағдайына келгенде онда да жағдайдың маз еместігін еске салады. Ғалым тек қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге бүкіл Орталық Азия халықтарының тарихы мен тұрмысын өте жақсы білді, ол өзінің бірқатар еңбектерінде олардың ғасырлар бойы хандар мен бектердің, байлар мен молдалардың табанында тапталып келе жатқанын ашық айтты.

Кеңес түркологтары Ә. Қайдаров пен Қ. Хасенов «Шығыс Түркістанды тыңғылықты да жан-жақты (тарихи-филологиялық, жаратылыстану-географиялық, әлеуметтік-экономикалық және тұрғыдан) тұңғыш зерттеген Шоқан Уәлиханов болды» (*Сұлейменов*, 1985: 83) деп жазды. «Алтышардың жағдайы туралы...», Қашғарияға сапарды ұйымдастыру туралы жазбаларында өзінің жол-жөнекей жазған күнделіктерінде ол елдің тамаша географиялық очеркін берді, бұл өлкеде соңғы жүз жылда болған тарихи оқиғаларды қайта құрып, бейнеледі, Цин империясының отары ретіндегі Қашғарияның сол кездегі саяси және экономикалық жағдайына терең талдау жасады. Қытай емес халықтардың маньчжур-қытай үстемдігіне қарсы үнемі жүргізіліп келе жатқан перманенттік көтерілісін, мұнан басқа да, бірсыпыра мәселелерді баяндап берді.

Уәлиханов Шығыс Түркістан атауы жөнінде Шығыста бұл елді Алты шәһәр – алты қала, Ұйғырстан немесе Қашғар деп атайды, еуропалықтар - Кіші Бұхара, Шығыс Татарстан, Шығыс немесе Қытайлық Түркістан деп таниды. Қытайлар болса Батыс – Си-юй, Тянь-Шань деп атап, оны Солтүстік және Оңтүстік жол деп бөледі. Шығыс елдері және қазақтар қашғарлықтар деп атайды, қытайлар оларды чанту (оралған бас) деп таниды. Осы жоғарыда айтылғандарды қорытындылай отырып, ғалым бұл өлкені Шығыс Түркістан деп атағанды жөн санайды.

Оның Қашғарияда жазған еңбектеріне негіз болған деректерді ғалымның жеке байқағандары, сенімді адамдардан - саудагерлер мен шенеуніктерден естіген мәліметтер, ресми құжаттар және жазба деректер құраған. Бұл жерден аңғаратынымыз ғалымның Шығыс Түркістан туралы еңбегі мейлінше сол кезде нақты деректер негізінде жазылған еңбек екенін аңғартады.

Ғалым Шығыс Түркістанның тарихы ғылымда қытай жылнамалары мен мұсылмандық деректер арқылы ғана белгілі екенін жақсы білді. Ол деректерге әрдайым сыны көзбен қарап отырды. Оның ойынша бұл өлке туралы мұсылмандық деректерде мәліметтер аз кездеседі, ал қытай деректері бұрмаланған. Аталған өлкенің орта ғасырлардағы тарихын танып-білуде Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде маңызды мағлұматтар көптеп кездеседі деп мәлімдеді. Оның Орталық Азияға арналған еңбектері мен зерттеулерінде бұл өлкенің түпкілікті халықтарының этногенез мәселесі маңызды орын алады.

Ғалымдар арасында ұйғырлардың тарихы туралы мәселені тұңғыш рет Ю. Клапрот пен Н.Я. Бичурин (Иакинф) көтерді. Ю. Клапрот 1812 жылы Семей қаласында Тұрпандық ұйғырмен танысуы арқылы және қытай деректерін зерделей келе ұйғырлар түркі халықтарының бірі болып табылады деген пікірге келеді, алайда ол қытай жылнамаларынан хойху тайпалары туралы кездестірсе де олардың ұйғыр екенін аңғармайды. Кейіннен Н.Я. Бичурин «Записки о Монголии» (1828) атты еңбегінде хойхуды ұйғырлар деп негіздеп, бірақ олардың шығу тегін моңғолардан таратады. Ұйғырлар мәселесі жөніндегі ғылымдағы бұл қателіктерді шығыстанушы – А. Казем-бек жойды. Ол өзінің «Исследованиях об уйгурах (1841)» атты еңбегінде хойху бұл ең ежелгі түркі халықтарының бірі болып табылады тұжырымдады (Исхаков, 1983: 34).

А. Казем-бек Шығыс Түркістанның тұрғылықты халқы болып табылатын ұйғырлардың тарихындағы күрделі мәселелердің бірі этногенез мәселесін зерттеді. Ұйғырлардың этникалық тарихын зерттеудің негізін салған Ресей ғалымдары болып табылады және олардың алғашқы қатарында Ш. Уәлиханов тұр. Ол шығыстанушы ретінде ұйғыр халқының қалыптасу тарихын көптеген деректер негізінде зерделейді.

Ғалымның тұжырымы бойынша ұйғыр халқының ежелгі және орта ғасырларда-ақ материалдық және рухани мәдениет саласында өзіндік орны болып, бірнеше ғасырлар бойы мемлекет ретінде өмір сүрген. Цин басқыншыларының ұйғырлардың ұлттық дәстүрлерін, әдет-ғұрпын аяққа басуы, елемей оларды ашындырып, ұйғырлар қолдарына қару алып, қарсы шығуға мәжбүр болды. VIII ғасырға дейін ұйғыр хандары «далада көшіп жүріп, өзінің қол астындағы елдерді Алтын Орда хандары Ресейді қалай басқарса, елді солай басқарған (Сүлейменов, 1985: 104).

Ш. Уәлиханов Қытай тарихы арқылы «хой-ху», «хой-хор», «қой-хой» деген атпен белгілі болған халықтың Шығыс Түркістанға келіп қоныстанғанын анықтайды. Шоқанның баяндауынша бұл халық Шығыс деректерінде «ұйғыр» деген атаумен белгілі. Олар түркі тілінің ұйғыр диалектінде сөйлейді. Ұйғыр тілінде моңғол сөздері көп кездеседі және үндестігі жағынан тибет тіліне ұқсас сөздер де бар. Сөздерінің грамматикалық өзгерістері және сөйлегенде байқалатын өзгешеліктері де кездеседі. Қара қырғыздардың тілі соның бір тармағы деп шамалайды.

Ш. Уәлихановтың еңбектері арқылы ұйғырлардың Шыңғысханның билігі кезінде-ақ, мұсылман дінін ұстанғанын, сол кездің өзінде олардың жазу-сызуы болып, халық арасында білімді хат танитындары көп болғандықтан хатшылық қызметтер атқарғанына көз жеткізуге болады. Шоқан ұйғырлардың жазуы ерте кезден келе жатқанын айта отырып: «Ұйғыр деген атымен белгілі болған ертедегі моңғол жазуының үлгілерін өз басым қанша ыждаһаттап іздесем де таба алмадым. Қытайлар мұсылман ұйғырлармен көрші отырып, олардың атын мұсылман деген ұғымға айналдырып жіберген...» дейді. Ғалым сонымен қатар қытайлардың Орталық Азия халықтарының барлығын әндіжандықтар, османдарды – хункар, орыстарды – улус, моңғоларды – тойцзы, қазақтарды – хасақ, қырғыздарды – бурут деп атайтынына назар аударған (Уәлиханов, 2010: 239). Бұл жағдай қытай деректерін пайдаланудың күрделі екенін және барынша сақтықпен пайдалану қажет екенін білдіреді. Ғалым алғаш рет ұйғырлар туралы Рашид ад-Диннің «Жами –ат тауарих», М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» және шығыстанушы И.Н. Березиннің «Хан жарлықтарынан» кездестірген болатын. Тоқтамыстың поляк королі Ягайлоға жарлығына

зер сала отырып, оған «көне түркі тілінде ұйғыр жазуымен жазылған» деген қорытынды жасайды.

Ол Шығыс Түркістан халықтарының антропологиялық белгілеріне назар аударып, Шығыс Түркістандықтардың бет-әлпеті үнді-парсыларға ұқсайды және ортазиялық тәжіктерден аумайды, тәжіктер өздерін осы күнгі отырған жерлерінің ежелгі, тіпті, түркілер келместен бұрынғы байырғы тұрғындары деп есептейді. Егерде бұл жерге XI ғасырда келіп қоныс тепкен ұйғырлардың заты моңғол болса, онда Мәуереннаһрдағы Жошы ордасының моңғолдары мен өзбектердің моңғол тәрізді бейнелері сол қалпында өзгермей қалғанда, бұлардың түр-сипаты бұлайша қалай өзгеріп кеткен. Тағы бір ғажабы бүкіл Шығыс Түркістан халқы түркі тілінде сөйлейді және бұлардың арасында бөлек халық болып отырған тәжіктер жоқ деп таңдана жазды (Уәлиханов, 2010: 250-251).

Ғалым осы ойын дамыта отырып, ұйғырлардың қалыптасу үдерісінің этногенетикалық бастауына көне ирандық тайпалар әсер еткен деген ойға келді. Ол ұйғырлардың этногенезін зерттеу нәтижесінде қазіргі ұйғырлардың пайда болуын үш топқа бөліп қарастырды. Олар: көне ұйғырлардың ұрпақтары; Ақсу, Яркенд және Қарашар округтерін мекендеуші доландар; Мұзарт етегін мекендеуші жартылай көшпенді нюгейт тайпалары.

Шоқанның бұл тұжырымын ұйғыр халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуші ғалым Г.М. Исхаков: «Бұл мәліметтер маңызды болып саналады, себебі, қазіргі таңда Шығыс Түркістандық ұйғырлардың ішінде екі этнографиялық топ белгілі. Олар – лоброндықтар мен доландар. Ш. Уәлихановтың кестесінде ұйғырлардың халық болып қалыптасуының күрделі де ұзақ үдеріс екені көрсетіледі. Бұл үдеріс тек ұйғыр халқының ғана емес, сонымен қатар ғасырлар бойы ұйғырлармен бірге ассимиляцияға ұшыраған этникалық қосындылардың дамуы болып табылады» дейді. Ұйғыр халқының бұрынғы этнонимдері – *чиди – динлин – гаогюй – тейле – хуэйхэ* деп аталып, кейін олар *ұйғыр* болып аталған. Ал, нюгейт ұйғырларына келер болсақ, олар моңғолдардың нойгут тайпасынан пайда болуы мүмкін деп тұжырымдайды (Исхаков, 1988: 171-172).

Г.М. Исхаков ойын әрі қарай тереңдете отырып, біздің ойымызша Ш. Уәлихановтың нюгейттерді ұйғырдың этногенезіне жатқызуы бекер емес. Ғалымдардың зерттеулері нәтижесінің көрсетуі бойынша, қырғыздар мен ұйғырлардың этникалық қатынасы нәтижесінде Оңтүстік Қырғызстанда тіркелген «ұйғыр» этнонимі қалыптасқан, сонымен қатар «ұйғыр» деген тейит тайпасының дербес құрамдас бөлігі бар, оларды қалыптасуы бойынша нойгуттармен байланыстырады.

Ш. Уәлиханов Қашғарда болған кездегі жазған еңбектерінде ұйғыр халқының тілінен бастап, рухани-материалдық мәдениетіне дейін кешенді түрде қарастырған. Оның ұйғыр халқының ұлттық ерекшелігі мен тұрмысы, әдет-ғұрпы мен салт-санасы туралы зерттеулері мен тұжырымдары ұйғырлардың тарихы мен мәдениетін зерттеуде маңызды дерек көз болып табылады.

Ғалым ұйғырлардың этникалық-саяси тарихын зерттеу кезінде Әбілғазы баһадүрдің «Шежіре-и түрк» еңбегіне біршама жүгінгенін аңғаруға болады. Шоқан Әбілғазының еңбегіне сілтеме жасай отырып, ұйғырлар түркі тілдес халық, әрі оғыздардың қаңлы, қыпшақ және ұйғыр секілді ірі тайпаларының қатарына жатқызды. Әбілғазы ұйғырлардың мекендеген жерін: «...моғол жерінде екі тау бар, олар шығыстан батысқа қарай созылып жатыр. Олардың біреуі – Тукрату-бузлуқ, екіншісі – Асқунлуқ Тукрам. Осы екі таудың арасында, моңғолдар елінің батысында, тағы бір тау бар, оны Құттау деп атайды. Аталған таулардың арасындағы бір аумақта ағын сулы он сай, тағы бір аумағында сондай тоғыз сай бар. Олардың барлығы да үлкен сулар. Ұйғыр халқы ежелден осы сулардың арасында отырады. Он өзеннің ортасындағыларды *он ұйғыр*, тоғыз өзен аралығындағыларды *тоғыз ұйғыр* атаған. Олардың қалалары мен қыстақтары да, егістіктері де көп болған» (Уәлиханов, 2010: 326-327) деп тарқатады. Әбілғазы ұйғырлардың билеушілері



туралы, олар бастапқыда он ұйғырларда – «ил», «илтар», ал тоғыз ұйғырларда – «кул-уркен», «гол-эрген» (өзеннің бастауы), кейінірек ол «идиқұт» деген атқа ие болды деп жазды. Ол «құтты әмірші» деген мағынаны білдіреді. Бұл ұйғырлардың (VIII-XII ғғ.) ғасырлардағы титулы. 300 жылдан кейін оларды жаулары талқандап, олар бытырап кетеді, біразы бұрынғы жұртында қалса, бір бөлігі Ертіс өзенінің жағасына келеді. Мұнда олар тағы да үшке бөлінеді: Бір бөлігі Бешбалық қаласына кетеді, сонда диханшылықпен айналысып бақуатты тұрады. Екінші бөлігі қой, жылқы бағып көшіп-қонып жүріп, Бешбалық маңына шоғырланады. Келесі бір бөлігі кәмшат, бұлғын, сусар мен тиін аулап, етін азық қылып, терісінен киім киеді (Уәлиханов, 2010: 327).

Қытай деректерінде Оңтүстік Моңғолиядан солтүстік шөлейт далаға көшіп, Солию өзенінің бойына қоныс аударған, онда дулгас аймақтарының бірін құраған ойхор немесе хой-хор халқы туралы кездеседі. 744 жылы дулгастардың езгісін бірінші болып жойған әміршісі Гули Пэло Удегянь (қытай деректері бойынша Хангай тауының аты) мен Гунь (Орхон) өзенінің арасында өз ордасын тіккен. Оның кезінде ұйғырлар тоғыз буынға бөлінген. Басқа алты буын ұйғырлармен тең саналып, олар кейіннен бағындырылған басими және гэлोलу секілді бөтен рулармен бірге он бір бу (боло, рулық бөліктер негізінде бөлінген он бір аймақ) құрады. Иакинф оларды мұсылман тарихшыларының жазып кеткен ұйғырлары деп біледі. Тан әулеті кезінде ұйғыр әулеті Қытайға көп шабуыл жасап отырған, кейде бітімге келіп те отырды.

XIII ғасырда Шығыс Түркістанда ұйғырлар қарақытай ханына тәуелді болған. Әбілғазы қытайларды «қытай» деп атаған және олардың елі қорғанмен қоршалған деп атап кеткен. Әбілғазы қытайлар мен қарақытайларды бөліп көрсетеді. Ол қытай деп *нючжилерді* айтады, олардың пашасын «алтын хан», ал қарақытайлардың патшасын «гурхан» деп атайды (Уәлиханов, 2010: 329).

Әбілғазы сонымен қатар, Шыңғыс хан Тұран, Парсы мен Қытайды жаулап алғаннан кейін бүкіл Мәуереннахр, Хорасан, ұйғыр жері, Қашғар, Сырдарияға дейін Шағатайдың үлесіне тиіп, оның астанасы Бишбалық қаласы (Бесбалық) болғаны туралы айтып өтеді. Шағатай әулетінің ханзадаларының бірі Есенбұға хан өз алдына Қашғарда, Ұйғырстанда және моңғол жерінде (Жоңғарияда) орныққан. Есенбұғаның ұлы Тұғлық Темір күшті әмірші болған. Тұғлық-Темірдің кезінен бастап, Батыс Түркістан Шығыс Түркістаннан мүлдем бөлініп, Мәуереннахрдың бұдан кейінгі тарихында ұйғыр және үйсін бектері туралы айтылмайды [138, 330-331 б.]. Әбілғазы Тұғлық-Темір ханға кітаптың бірнеше бетін арнаған. Тұғлық-Темір хан сайланған соң көп ұзамай Қашғарды, Яркендті, Алтай мен Ұйғырстанды басып алады.

Ш. Уәлиханов Орталық Азия мен Қытайдың тағы бір халқы – дүнгендер туралы да қызықты пікірлер жазып қалдырған. Қазіргі кезге дейін ғылымда дүнгендердің этногенезі туралы мәселе жеткілікті зерттелмеген, ал ғалымның бұл жөніндегі көзқарасы бүгінгі күнге дейін ғылыми әдебиеттерде қолданыс табуда.

Шоқан Шығыс Түркістан халқының ислам дінін қабылдауына қатысты мәселенің шешімін табу үшін әртүрлі әдебиеттерді, деректерді зерделей отырып, ұйғыр халқының ислам дінін қабылдауда өздерінің тарихында аса ауыр, қайғылы әрекеттерге толы болған екі ірі діни-саяси топтың – яғни, ақтаулықтар мен қаратаулықтар күресінің тарихын анықтап берді. Ғалым: «Шығыс Түркістанның саяси тағдырында исламның ықпалы аз емес, сондықтан оның кіруі мен дамуын жақынырақ қарастыра отырып, бұл елде қазіргі өмір сүріп отырған саяси партиялардың рухы мен маңызын түсінуге және біздің уақытымызда соншалықты көтерілістер ұйымдастырып жатқан қожалардың, тіпті оларды әбден аластап қуып жібергеннің өзінде де, бұлар өзінің саяси маңызын жоймай рухани ықпал жасай алатынының себебін ашуға болады» деп жазды.

Шоқан исламның Қашғарияға таралуы кескілескен күрес пен соғыстың барысында жүргізілген деректер арқылы анықтаған. «Діни қырғындар болып өткен Хотанның, сол сияқты Жаркент пен Жанысардың жанындағы кең көлемді Шайдан, яғни шейт болғандар деп аталған

жерлерге исламды енгізу барысында қан төгу қажет болғанын көрсетеді. Осыған қарамай оның таралу шегі көп уақытқа дейін батыстағы қалалармен шектеліп келді». Исламды алғашқы таратушылардың бірі Шыңғысханның ұрпағы Тоғылық-Темір-хан болды. Ол бұл дінді сеид Рашид-ад-Диннен қабылдады. «Сөйтіп оның үлгісін моңғол мен ұйғырдың көптеген әмірлері қабылдады», бірақ пұтқа табынушылық XVI ғасырға дейін жойылмай келді (Сүлейменов, 1985: 85-86) деп жазды. Бұл қорытынды кейіннен ғылыми тұрғыда дәлелденді. Ғалымның Қашғардағы дінді ұстанушылар арасындағы талас-тартыстың пайда болуы, оның себептері сынды деректері құнды болып табылады.

Шоқан Мұхамбет ұрпақтарының бірі Махтуми Азим қожа XVI ғасырдың бірінші жартысында Қашғарға келіп, оны халық зор құрметпен қарсы алып, хандар оған үй-жай берген. Оның балалары Имам-каляны мен Исақ Уәли Шығыс Түркістан мұсылмандарының дін басыларына айналады. Сөйтіп олардың әрқайсысының маңайына ізбасарлары жиналып, топтасады. Осылайша уақыт өткен сайын екі партия, яғни екі тармаққа бөлінеді. Имам-Калының ізбасарлары *ишкия*, ал Исақ-Уәли қожаның ізбасарлары *иакия* деп аталады. Кейіннен олардың біріншісі *ақтаулықтар*, екіншісі *қаратаулықтар* деген атқа ие болады. Сөйтіп басқапқыда дінді ұстанған екі тармақ, уақыт өте келе саясиеланып, халық екіге бөлініп, бір-бірімен күресе бастайды. Бұл жағдайды бірінші Жоңғар феодалдары, онан кейін Қытай пайдаланып, екі жақта өз пайдасына қарай пайдаланып отырады (Уәлиханов, 2010: 128) деп жазды.

XVIII ғасырдың 50-ші жылдарының аяғында Шығыс Түркістанды қарсылық көрсеткеніне қарамастан маньчжур-қытай әскерлері басып алады. Шығыс Түркістанды циндер басып алғаннан кейін мұнда екі партия: «қаратаулық және ақтаулық партия құрылды, ақтаулықтар қожаларға беріледі, олар ұлттық еріктілікті қорғады; қаратаулықтар қытайлардың пайдасына қызмет етті. Ақтаулықтардың негізгі көпшілігі Қашғардың, Жаркенттің, Үш-Тұрфанның, Ақсудың тұрғындары, ал қаратаулықтар негізінен тұрфандықтар, кумулдіктер және басқалар болатын. Ақтаулықтар өздерінің қарсыластарына қарағанда сан жағынан көп және олардың орналасқан жерлері Кіші Бұхараның орталығы болып табылады, алайда оның есесіне қаратаулықтардың ішінде атақты адамдар көп болып, барлық хакім-бектерді, жергілікті билеушілерді қытайлықтар көбіне тұрфандық бектердің ішінен соларды қоятын болған (Сүлейменов, 1985: 89).

Шоқанның зерттеулерінде «Кіші Бұқарияны қытайлар басып алғанға дейін, ол жоңғарлардың қолында болады. Олар елдің ішкі билігіне араласпай айына төрт жүз мың теңге салық жинаумен ғана шектелген. Елдегі ішкі билік ерте заманнан бастап лауазымдық сатыға негізделіп келген. Осының салдарынан тарикаттар арасындағы шиеленіс ушыға түседі» деген дерек келтірілген (Уәлиханов, 2010: 161).

Ғалымның пайымынша Кіші Бұқария халқының ортақ атауы болмаған. Олар өздерін тұратын қалалары бойынша қашғарлық, хотандық, комулдық және т.б. немесе жай ғана жергілікті деп атаған. Ол өзінің «Қытай империясының батыс өлкесі туралы» еңбегінде Шыңжаңдағы әскери-әкімшілік құрылыс пен басқару жүйесін, халықтардың орналасуын жүйелі түрде баяндайды. Өлкенің округтері мен ірі қалаларын, олардың сауда және экономикалық маңызын, тұрғындардың тіршілік әрекетін саралайды. Бұл мәліметтердің қазір де тарих ғылымы үшін маңызы зор.

### **Қорытынды**

Ш. Уәлиханов артына зор ғылыми мұра қалдырды. Ол Қазақстан, Орталық Азия халықтарының тарихы, этнографиясы, географиясы, рухани және материалдық мәдениетінің күрделі мәселелерін ғылыми тұрғыда шешуге тырысып, ол туралы құнды қорытындылар мен тұжырымдар жасады.

Ғалымның Шығыс Түркістанның саяси-этникалық тарихын зерттеуге қосқан үлесін былайша тұжырымдауға болады. Ол ұйғыр халқының этногенезін зерттеу барысында халықтың шаруашылығы мен мәдениетін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, діни наным-сенімдерін кешенді түрде зерттеді. Шығыс Түркістанның негізгі халқының бірі болып табылатын ұйғырлардың этникалық құрылымын, этногенезін, тарихы мен этнографиясын, сондай-ақ, ұйғыр тілін алғашқылардың бірі болып зерттеді. Ол Қашғарда жартыжылдай уақыт тұрып, халқының тарихы, шаруашылығы мен мәдениеті туралы ұшан-теңіз материалдар жинап, сол кезге дейін ғылымда белгісіз болып келген ортағасырлық шығыс қолжазбаларын тауып, оны ғылыми айналымға енгізді. Ш. Уәлиханов Шығыс Түркістанның ежелгі және ғасырлардағы тарихын зерттеп, онда билік еткен хандардың генеалогиялық кестесін сыза отырып, онда буддизм діні мен ислам дінінің үстемдік ету жағдайларын анықтады. Ол әлемдік ғылымға сол уақытқа дейін жұмбақ болып келген Шығыс Түркістанды саяси, мәдени, географиялық, экономикалық тұрғыдан тұңғыш рет ашып берді.

#### Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Литвинский Б.А. Чокан Валиханов – исследователь Центральной Азии // Ч. Валиханов и современность: сб. матер. всесоюз. науч. конф., посв. 150-летию со дня рождения Ч.Ч. Валиханова. – Алма-Ата: Наука, 1988. – С. 38-45.
- Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А. Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы. Туғанына 150 жыл толуына орай. – Алматы: Ғылым, 1985. – 112 б.
- Ғылым Ордасы сирек қолжазбалар қоры (ФО СҚК). 23-к., 1-т., 21-іс, 1193-п.
- ҒОСҚК. 23-к., 1-т., 28-іс, 1191. 1-3-п.
- ҒОСҚК. 23-к., 1-т., 24-іс, 1200. 1-14-п.
- ҒОСҚК. 23-к., 1-т., 25-іс, 1201. 1-19-п.
- Ч.Ч. Валиханов: сочинение / под. ред. Н.И. Веселовского. – СПб.: Типография Главного Управления Уделов, 1904. – 531 с.
- Бейсембиев К.Б. Развитие общественно-политической и философской мысли Казахстана после присоединения к России: автореф. ... докт. филос. наук. – Алма-Ата, 1957. – 34 с.
- Сегизбаев О.А. Мирозрение Ч. Валиханова: автореф. ... канд. филол. наук. – Л., 1958. – 16 с.
- Искаков А. Идеи свободомыслия и атеизма в трудах первого казахского ученого и просветителя Чокана Валиханова: автореф. ... канд. филос. наук. – М., 1961. – 17 с.
- Исхаков Г.М. Этнографическое изучение уйгуров Восточного Туркестана русскими путешественниками XIX века. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1976. – 131 с.
- Атишев А. Политические взгляды Ч.Ч. Валиханова: автореф. ... дис. ... канд. юрид. наук. – Алма-Ата, 1962. – 21 с.
- Дулатова Д.И. Исторические взгляды Чокана Чингисовича Валиханова: автореф. ... канд. истор. наук. – 1963. – 48 с.
- Султаньяев О.А. Русская и казахская лексика фразеология произведений Чокана Валиханова: автореф. ... докт. филол. наук. – Алматы, 1994. – 52 с.
- Усенова Г.Р. Государственно-правовые взгляды Ч.Ч. Валиханова: автореф. ... канд. юрид. наук. – Алматы, 1996. – 24 с.
- Турдалиева Ч.Д. История и культура кыргызов по трудам Ч.Ч. Валиханова: автореф. .... канд. истор. наук: – Бишкек, 2000. – 24 с.
- Өтениязов С.Д. Ш.Ш. Уәлихановтың ғалым ретінде қалыптасуына алдыңғы қатарлы Россия интеллигенциясының әсері: 07.00.02. тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1993. – 156 б.
- Валиханова Г.Ш. Проблемы теории и истории казахской культуры в творчестве Ч.Ч. Валиханова: автореф. ... канд. филос. наук. – Алматы, 2004. – 21 с.
- Ишембетов И.Р. Взгляды Валиханова Ч.Ч. на право и государство: автореф. .... канд. юрид. наук. – Казань, 2006. – 26 с.
- Тлеуқабылова Р.Т. Ш.Ш. Уәлихановтың әскери-теориялық көзқарастары (1847-1865 жж.): 07.00.02. тарих. ғыл. канд. ... автореф. - Щучье, 2005. – 29 б.
- Бейсенбайұлы Ж. Ш. Уәлиханов – әдеби мұра зерттеушісі: 10.01.02. филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2010. – 26 б.
- Марғұлан Ә.Х. Шығармалары / ред. Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. – Т. 10. – 592 б.
- Хасанов К. Чокан Валиханов как уйгуровед. – Алма-Ата, 1963. – 68 с.
- Юсупов Э.С. Подвиг Чокана Валиханова. Открытие Кашгарии. Санкт-Петербург. – СПб.: Издательско-полиграфическая компания «Коста», 2009. – 64 с., ил.
- Бернштам А.Н. Проблемы истории Восточного Туркестана // Вестник древней истории. – 1947. – №2. - С. 52-71.
- Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 6 т. – 2 бас. – Алматы: «Толағай групп», 2010. – Т. 3. – 424 б.
- Г.М. Исхаков, С.Г. Кляшторный, А.М. Решетов, Т.Р. Рахимов. Достижение советских ученых в историко-этнографическом изучении уйгуров // Актуальные проблемы Советского уйгуроведения: матер. 1-й республ. уйгуровед. конф. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 34-42.

Ш.Ш. Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. 6 т. – 2 бас. – Алматы: «Толғағай групп», 2010. – Т. 2. – 464 б.

Исхаков Г.М. Вопросы этнической истории уйгуров в исследованиях Чокана Валиханова // Ч. Валиханов и современность: сб. матер. всесоюз. науч. конф., посв. 150-летию со дня рождения Ч.Ч. Валиханова. – Алма-Ата: Наука, 1988. – С. 171-172.

#### References

- Litvinsky B. A. Chokan Valikhanov – Explorer of Central Asia // Valikhanov and modernity: collected mater. all-Union. scientific Conf., dedicated to the 150th anniversary of the birth of CH.CH. Valikhanov. – Alma-Ata: Nauka, 1988. – Pp. 38-45.
- Suleimenov R. B., Moiseev V. A. Shokan Ualikhanov – Orientalist. On the occasion of the 150th anniversary of his birth. – Almaty: Nauka publ., 1985. – 112 P.
- Foundation of rare manuscripts of the Gylym Ordasy. S. 23. T. 1. Case. 21. P. 1193.
- Foundation of rare manuscripts of the Gylym Ordasy. S. 23, Vol. 1. Case. 28. P. 1191. L 1-3.
- Foundation of rare manuscripts of the Gylym Ordasy S. 23. T. 1. Case. 24. P. 1200. L. 1-14.
- Foundation of rare manuscripts of the Gylym Ordasy S. 23. Case. 25. P. 1201. L. 1-19.
- CH. CH. Valikhanov/ N. I. Veselovsky/. – 904. – 531 p.
- Beisembiev K. B. Development of socio-political and philosophical thought of Kazakhstan after joining Russia: author's abstract ... Doct. Philos. nauk. – Alma-ATA, 1957. – 34 p.
- Segizbaev O. A. Worldview CH. Valikhanov: autoref. ... kand. filol. nauk. – L., 1958. – 16 p.
- Iskakov A. Ideas of freedom of thought and atheism in the works of the first Kazakh scientist and educator Chokan Valikhanov: author's abstract ... candidate of Philos. Sciences. – M., 1961. – 17 p.
- Iskhakov G.M. Ethnographic study of the Uyghurs of Eastern Turkistan by Russian travelers of the XIX century. – Alma-ATA: Science of the Kazakh SSR, 1976. – 131 p.
- Atishev A. Political views of Ch. Ch. Valikhanov: autoref. ... dis. ... kand. the faculty of law. Sciences. – Alma-ATA, 1962. – 21 S.
- Dulatova D. I. Historical views of Chokan Chingisovich Valikhanov: autoref. ... kand. istor. nauk. – 1963. – 48 p.
- Sultanyayev O.A. Russian and Kazakh vocabulary phraseology of Chokan Valikhanov's works: author's abstract ... Doct. Philol. Almaty, 1994, 52 p.
- Usenova G.R. State-legal views of CH.CH. Valikhanov: author's abstract ... Cand. law – Almaty, 1996. – 24 p.
- Turdalievа CH.D. History and culture of the Kyrgyz people by CH. CH. Valikhanov: author's abstract. .... Cand. history of Sciences: Bishkek, 2000, 24 p.
- Uteniyazov S.D. Influence of the advanced Russian intelligentsia on the formation of Sh.Sh. Valikhanov as a scientist: 07.00.02. historical sciences. kand. ... dis. – Almaty, 1993. – 156 P.
- Valikhanov G. Problems of theory and history of Kazakh culture in the works of CH. CH. Valikhanov: author's abstract ... candidate of Philos. Sciences. – Almaty, 2004. – 21 p.
- Ishembetov I.R. looked at Valikhanova ch. ch. on the right and state: abstract. .... Kand. "no", he said. nook. – Kazan publ., 2006. – 26 p.
- Tleukabylova R.T. Military-theoretical views of Sh.Valikhanov (1847-1865): 07.00.02. history. science. kand. ... abstract. – Shchuchye publ., 2005. – 29 p.
- Beisenbayuly Zh. SH. Valikhanov-researcher of literary heritage: 10.01.02. philol. science. Kand. ... abstract. – Astana, 2010. – 26 p.
- Margulan A.H. / Ed. . D.A. Margulan, D.A. Margulan. – Almaty: «Bolashak», 2011. – Vol. 10. – p. 592.
- Khasanov K. Chokan Valikhanov as a Uighur scholar. – Alma-Ata, 1963. - 68 p.
- Yusupov E. S. Feat Of Chokan Valikhanov. The Opening Of Kashgar. Saint Petersburg, Saint Petersburg: publishing and polytrophic company «Costa», 2009. – 64 p., ill.
- Bernshtam A. N. Problems of the history of East Turkestan // Bulletin of ancient history. – 1947. – No. 2. – Pp. 52-71.
- Valikhanov Sh. Sh. Collection of multi - volume works: 6 vol. – 2 Vol. – Almaty: Tolagai group, 2010. – Vol. 3. – p. 424.
- G. M. Iskhakov, S. G. Klyashtorny, A. M. Reshetov, T. R. Rakhimov. Achievement of Soviet scientists in the historical and ethnographic study of the Uyghurs // Actual problems of Soviet Uyghur studies: mater. 1st Republ. uyghuroved. Conf. – Alma-Ata: Nauka, 1983. – P. 34-42.
- Valikhanov Sh. Sh. Collection of multi - volume works: 6 vol. – 2 Vol. – Almaty: Tolagai group, 2010, Vol. – p. 464.
- Iskhakov, G.M. Ethnic history of Uyghurs in studies of Chokan Valikhanov // Valikhanov and modernity: collected mater. all-Union. scientific Conf., dedicated to the 150th anniversary of the birth of CH.CH. Valikhanov. – Alma-ATA: Nauka, 1988. – Pp. 171-172.



## МАЗМҰНЫ

<b>Абдукадыров Н.М., Акынова А.П.</b> ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДА ЯНЫЧАРЛАР ӘСКЕРИ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ (XV-XVIII ғғ.).....	5
<b>Алдажұманов Қ.С., Шілдебай С.Қ., Асанова С.Ә.</b> ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ТАРИХЫНАН (1941-1945).....	17
<b>Ахмет А.Қ., Шотанова Ғ.А., Қозыбақова Ф.А.</b> ЭТНОГРАФ-ҒАЛЫМ САЛЫҚ БАБАЖАНОВ.....	32
<b>Әбсадық А.А.</b> КЕЙКІ МЕРГЕН: ХАЛЫҚТЫҚ БАЯНДАУЛАР ЖӘНЕ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР .....	44
<b>Әбсадық А.А., Исенов Ө.И.</b> КЕЙКІ БАТЫР: ЖЫЛАНШЫҚ-ЖАЛАУЛЫДАҒЫ ҚАНДЫ ОҚИҒА .....	57
<b>Әпендиев Т.Ә.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР.....	69
<b>Байдалы Р.Ж.</b> 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	78
<b>Батырхан Б.Ш., Жүзбаева Ұ.Д.</b> «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ДЕРЕККӨЗІНДЕГІ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ АРАЛДАРЫ ЖӘНЕ АТЛАНТ МҰХИТЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ.....	91
<b>Бисембаева Л.А.</b> ТАУАР-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫ (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы).....	100
<b>Борбасов С.М.</b> ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИАЛЕКТИКАСЫ.....	110
<b>Ескеева М.Қ.</b> ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ КЛАССИФИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ.....	131
<b>Жұмаділ А.Қ., Өжкенов Е.М., Жұмаділ М.Т.</b> ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТА: БИЛЕУШІЛЕРДІҢ, БИЛЕУШІ ӘУЛЕТ ПЕН ТАЙПАЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІНІҢ КИЕЛІЛІГІ ЖӨНІНДЕ.....	142
<b>Жүгенбаева Г.С.</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ.....	156
<b>Жүнісбаев А., Алдажұманов Қ., Шілдебай С.</b> СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТТЫ ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРЫ (1941-1945): 81, 96 және 105 атты әскер дивизияларының материалдары бойынша .....	168
<b>Иембекова М.О.</b> ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
<b>Ильясова З.С.</b> АКАДЕМИК Б.Е. КӨМЕКОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАНДЫҚ ДЕРЕКТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	206
<b>Исенов О.И.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 30-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАМЕКЕНЕН КӨШУІ.....	218
<b>Кабдушев Б., Шілдебай С.</b> ҮКІМЕТ ТӨРАҒАСЫ Н. НҰРМАҚОВ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	231
<b>Қабыл А.Ә.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII Ғ. СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	248
<b>Қаипбаева А.Т.</b> МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР ТАРИХИ ТҰЛҒА.....	260

<b>Қали А.Н.</b> ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «БӘРІ ДЕ МАЙДАНҒА, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!» ҰРАНЫМЕН ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (Жамбыл облысының мысалында).....	274
<b>Қали А.Н.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ (1946-1955).....	287
<b>Қозыбаева М.М.</b> XX ғ. 30-ШЫ ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ БАТЫС СІБІР АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРЫ.....	304
<b>Қоңқабаева Н.Н.</b> ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АТ-ТУХФА ҚОЛЖАЗБАСЫНА ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМА .....	313
<b>Маргулан Д.А., Маргулан А.С.</b> XVIII ғ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН САҚТАП ҚАЛУДАҒЫ ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ .....	324
<b>Мұхатова О.Х.</b> АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ .....	334
<b>Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э., Молдашева С.К.</b> АТЫРАУ ӨЛКЕСІ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ: САУАТСЫЗДЫҚТАН ОРТА МЕКТЕПКЕ.....	345
<b>Оспанов Н.М.</b> ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІ МЕН КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КОРЕЙ МЕМЛЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	358
<b>Рамазанова Ф.С., Какенова З.К.</b> КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫС ТАРИХЫНАН: ЛАТЫН ӨЛПБИ ҮШІН КҮРЕС.....	368
<b>Рүстемов С.К., Оразов Р.Е.</b> МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР.....	385
<b>Садвокасова З.Т.</b> ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА ПРАВОСЛАВИЕЛІК УАҒЫЗ (XIX – XX ғасырдың басы).....	399
<b>Сатанов А.Б.</b> ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ: ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ .....	411
<b>Серубаева А.Т.</b> Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ-САЯСИ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	431
<b>Стамшалов Е.И.</b> АРАЛТӨБЕ КӨТЕРІЛІСІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ.....	443
<b>Тусупов А.Р.</b> ЕЖЕЛГІ ТҮРКІЛЕРДІҢ САЯСИ АНТРОПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ .....	458
<b>Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А.</b> РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ АЙНАСЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ТАРИХЫ.....	472
<b>Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е.</b> ҚАЛБА-НАРЫМ ӨҢІРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ (1991 жылға дейін).....	484
<b>Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумағалиева К.В.</b> ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТАРИХНАМАДАҒЫ ЖӘНГІР ХАНДЫҢ БАСҚАРУ САЯСАТЫ БАҒЫНДАҒЫ ОБРАЗЫ .....	495
<b>Шілдебай С., Кабдушев Б., Жұмағов Д.</b> КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЕНГІЗУ ТАРИХЫНАН .....	507

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдукадыров Н.М., Акынова А.П.</b> ИНСТИТУТ БАТЫРОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ И ФУНКЦИИ ЯНЫЧАРСКОЙ ВОЕННОЙ СИСТЕМЫ В ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ (XV-XVIII вв.).....	5
<b>Алдажуманов К.С., Шилдебай С.К., Асанова С.А.</b> ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ (1941-1945).....	17
<b>Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Козыбакова Ф.А.</b> УЧЕННЫЙ-ЭТНОГРАФ САЛЫК БАБАЖАНОВ.....	32
<b>Абсадык А.А.</b> КЕЙКИ МЕРГЕН: НАРОДНЫЕ ПРЕДАНИЙ И ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ.....	44
<b>Абсадык А.А., Исенов О.И.</b> КЕЙКИ БАТЫР: КРОВАВОЕ СОБЫТИЕ НА ЖЫЛАНШЫК-ЖАЛАУЛЫ.....	57
<b>Апендиев Т.Ә.</b> ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ ПОКОЛИЧЕСТВЕННОМУ ПОКАЗАТЕЛЮ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1945-1955 гг.....	69
<b>Байдалы Р.Ж.</b> КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В РЕСПУБЛИКАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ ВО ВРЕМЯ ГОЛОДА 1930-Х ГОДОВ.....	78
<b>Батырхан Б.Ш., Жузбаева У.Д.</b> ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ОСТРОВОВ СРЕДИЗЕМНОГО МОРЯ И АТЛАНТИЧЕСКОГО ОКЕАНА В ИСТОЧНИКЕ «ТАКВИМ АЛЬ-БУЛЬДАН».....	91
<b>Бисембаева Л.А.</b> ЖЕТЫСУЙСКИЕ КАЗАХИ В УСЛОВИЯХ ТОВАРНО-ДЕНЕЖНЫХ ОТНОШЕНИЙ (вторая половина XIX - начало XX века).....	100
<b>Борбасов С.М.</b> ПАРАДИГМА НЕЗАВИСИМОГО ГОСУДАРСТВА И ДИАЛЕКТИКА ЕГО РАЗВИТИЯ.....	110
<b>Ескеева М.Қ.</b> КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ИСТОРИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ .....	131
<b>Жумадил А.К., Ужкенов Е.М., Жумадил М.Т.</b> СТЕПНАЯ ЭЛИТА: О САКРАЛЬНОМ ПРОИСХОЖДЕНИИ ПРАВЯЩИХ ПЛЕМЕН, ДИНАСТИЙ И ПРАВИТЕЛЕЙ.....	142
<b>Жугенбаева Г.С.</b> ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О БОРЬБЕ ЗА НАЦИОНАЛЬНУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	156
<b>Джунисбаев А., Алдажуманов К., Шилдебай С.</b> КАВАЛЕРИЙСКИЕ СОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941-45): по материалам 81-й, 96-й и 105-й кавалерийских дивизий .....	168
<b>Иембекова М.О.</b> СОВРЕМЕННЫЙ УРОВЕНЬ РАЗВИТИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КЫРГЫЗСТАНОМ.....	191
<b>Ильясова З.С.</b> АКАДЕМИК Б.Е.КУМЕКОВ И ЕГО ВКЛАД В ОТЕЧЕСТВЕННОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ.....	206
<b>Исенов О.И.</b> ГОЛОД 30-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ОТКОЧЕВКА КАЗАХОВ ИЗ СТРАНЫ.....	218
<b>Кабдушев Б., Шилдебай С.</b> ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВИТЕЛЬСТВА Н. НУРМАКОВ И ПРОБЛЕМЫ ВОССТАНОВЛЕНИЯ СКОТОВОДЧЕСКОГО ХОЗЯЙСТВА.....	231
<b>Кабыл А.А.</b> ОСОБЕННОСТИ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНО- ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ КОНЦА XVIII- НАЧАЛА XX ВЕКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	248
<b>Каипбаева А.Т.</b> МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ – ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ, БОРЕЦ ЗА НАЦИОНАЛЬНОЕ ОСВОБОЖДЕНИЕ.....	260

<b>Кали А.Н.</b> ВКЛАД КАЗАХСТАНЦЕВ В ДОСТИЖЕНИЕ ПОБЕДЫ ПОД ДЕВИЗОМ «ВСЕ ДЛЯ ФРОНТА, ВСЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ!» (На примере Жамбылской области).....	274
<b>Кали А.Н.</b> УРОВЕНЬ ГРАМОТНОСТИ И ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1945-1955 гг.)....	287
<b>Козыбаева М.М.</b> КАЗАХСКИЕ ОТКОЧЕВНИКИ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ В ПЕРИОД ГОЛОДА НАЧАЛА 30-Х ГГ. XX В.....	304
<b>Конкабаева Н.Н.</b> ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ СРЕДНЕВЕКОВОМУ МАНУСКРИПТУ АТ-ТУХФА .....	313
<b>Маргулан Д.А., Маргулан А.С.</b> РОЛЬ ОЛЖАБАЙ БАТЫРА В СОХРАНЕНИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В XVIII В.....	324
<b>Мухагова О.Х.</b> МЫСЛИ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ ОБ ОБРАЗОВАНИИ.....	334
<b>Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э. Молдашева С.К.</b> СЛАВНЫЙ ПУТЬ ПЕДАГОГОВ АТЫРАУСКОГО КРАЯ: ШКОЛ: ОТ ЛИКБЕЗА ДО СРЕДНИХ ШКОЛ.....	345
<b>Оспанов Н.М.</b> ИСТОРИОГРАФИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ С ДРЕВНИМИ И СРЕДНЕВЕКОВЫМИ КОРЕЙСКИМИ ГОСУДАРСТВАМИ.....	358
<b>Рамазанова Ф.С., Какенова З.К.</b> К ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ЯЗЫКОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: БОРЬБА ЗА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ.....	368
<b>Рустемов С.К., Оразов Р.Е.</b> МУСУЛЬМАНСКОЕ ДВИЖЕНИЕ И КАЗАХИ.....	385
<b>Садвокасова З.Т.</b> ПРАВОСЛАВНАЯ ПРОПОВЕДЬ СРЕДИ КАЗАХОВ (XIX - начало XX веков).....	399
<b>Сатанов А.Б.</b> ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ФЕНОМЕНОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	411
<b>Серубаева А.Т.</b> ПРОБЛЕМЫ ЭТНИКО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ш. УАЛИХАНОВА.....	431
<b>Стамшалов Е.И.</b> АРАЛТЮБИНСКОЕ ВОССТАНИЕ: УРОКИ И ИСТОРИЯ.....	443
<b>Тусупов А.Р.</b> ПОЛИТИЧЕСКАЯ АНТРОПОЛОГИЯ И СПЕЦИФИКА КОЧЕВОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ДРЕВНИХ ТЮРОК.....	458
<b>Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А.</b> ИСТОРИЯ САРАЙЧИКА И АКТОБЕ В ЗЕРКАЛЕ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА.....	472
<b>Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е.</b> КРАТКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ В КАЛБА-НАРЫМСКОМ РЕГИОНЕ.....	484
<b>Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумагалиева К.В.</b> ОБРАЗ ДЖАНГИР ХАНА В ПОЛИТИКЕ УПРАВЛЕНИЯ СТЕПЬЮ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	495
<b>Шилдебай С., Кабдушев Б., Жуматов Д.</b> СОВЕТСКИЙ КАЗАХСТАН: ИЗ ИСТОРИИ ВВЕДЕНИЯ ДЕЛОПРОИЗВОДСТВА НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ.....	507



## CONTENTS

<b>Abdukadyrov N.M., Akynova A.P.</b> INSTITUTE OF BATYRS IN KAZAKH SOCIETY AND FUNCTIONS OF THE JANISSARIES MILITARY SYSTEM IN THE OTTOMAN EMPIRE (XV-XVIII centuries).....	5
<b>Aldazhumanov K., Shildebay S<sup>2</sup>, Assanova S.</b> FROM THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN WARTIME (1941-1945).....	17
<b>Ahmet A.K., Shotanova G.A., Kozybakova F.A.</b> ETHNOGRAPH-ALYM SALYK BABAZHANOV.....	32
<b>Absadyk A.A.</b> KEIKI MERGEN: FOLK TRADITIONS AND WRITTEN SOURCES.....	44
<b>Absadyk A.A., Issenov O.I.</b> KEIKI BATYR: BLOODY EVENT ON ZHYLANSHYK- ZHALAULY.....	57
<b>Apendiyev T.A.</b> DEMOGRAPHIC PROCESSES IN QUANTITATIVE TERMS OF THE RURAL POPULATION IN KAZAKHSTAN IN 1945-1955.....	69
<b>Baidaly R.Zh.</b> KAZAKH REFUGEES IN THE REPUBLICS OF CENTRAL ASIA DURING THE HUNGER OF THE 1930S.....	78
<b>Batyrkhan B.Sh., Zhuzbayeva U.D.</b> HISTORICAL GEOGRAPHY OF THE ISLANDS OF THE MEDITERRANEAN SEA AND THE ATLANTIC OCEAN IN THE SOURCE «TAQWIM AL-BULDAN».....	91
<b>Bissembayeva L.A.</b> THE ZHETSU KAZAKHS IN THE CONTEXT OF A COMMODITY AND MONEY RELATIONSHIP (SECOND HALFOF19 <sup>TH</sup> CENTURY -EARLY 20 <sup>TH</sup> CENTURY).....	100
<b>Borbassov S.M.</b> THE PARADIGM OF AN INDEPENDENT STATE AND THE DIALECTICS OF ITS DEVELOPMENT.....	110
<b>Yeskeyeva M.K.</b> KAZAKH LANGUAGE IN THE HISTORICAL CLASSIFICATION OF THE TURKIC LANGUAGES.....	131
<b>Zhumadil A.K., Uzhkenov E.M., Zhumadil M.T.</b> THE STEPPE ELITE: ON THE TITULAR ORIGIN OF RULING TRIBES, DINASTIES AND RULERS.....	142
<b>Zhugenbayeva G.</b> HISTORICAL SOURCES ON THE STRUGGLE FOR THE NATIONAL IDENTITY OF THE KAZAKH PEOPLE.....	156
<b>Junisbayev A., Aldazhumanov K., Shildebay S.</b> CAVALRY UNITS OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945): based on materials of the 81 <sup>st</sup> , 96 <sup>th</sup> and 105 <sup>th</sup> cavalry divisions.....	168
<b>Iyembekova M.O.</b> CURRENT LEVEL OF THE DEVELOPMENT AND PROBLEMS OF RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND KYRGYZSTAN .....	191
<b>Ilyassova Z.S.</b> ACADEMICIAN B. KUMEKOV AND HIS CONTRIBUTION TO DOMESTIC RESOURCE STUDIES.....	206
<b>Issenov O.I.</b> FAMINE OF THE 1930s IN KAZAKHSTAN: THE MIGRATION OF KAZAKH FROM THE COUNTRY.....	218
<b>Kabdushev B., Shildebay S.</b> CHAIRMAN OF THE GOVERNMENT N. NURMAKOV AND THE PROBLEMS OF RESTORING THE LIVESTOCK FARMING.....	231
<b>Kabyl A.A.</b> FEATURES OF THE THEORY AND PRACTICE OF TEACHING THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT OF THE LATE 18 <sup>th</sup> – EARLY 20 <sup>th</sup> CENTURIES IN KAZAKHSTAN.....	248
<b>Kaipbaeva A.T.</b> MAKHAMBET UTEMISOV – A HISTORICAL FIGURE, NATIONAL LIBERATION FIGHTER.....	260
<b>Kali A.N.</b> CONTRIBUTION OF KAZAKHSTANIS TO ACHIEVING VICTORY UNDER THE MOTTO «EVERYTHING FOR THE FRONT, EVERYTHING FOR VICTORY!» (ON THE EXAMPLE OF ZHAMBYL REGION).....	274
<b>Kali A.N.</b> THE LEVEL OF LITERACY AND EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR YEARS (1945-1955).....	287

<b>Kozybayeva M.M.</b> KAZAKH MIGRANTS IN THE TERRITORY OF WESTERN SIBERIA IN THE PERIOD OF EARLY 1930-ies FAMINE.....	304
<b>Konkabayeva N.N.</b> АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ.....	313
<b>Margulan D.A., Margulan A.S.</b> OLZHABAI BATYR'S ROLE IN CONSERVATION KAZAKH STATEHOOD IN THE XVIII C.....	324
<b>Mukhatova O.Kh.</b> THOUGHTS OF THE ALASH LEADER ABOUT EDUCATION .....	334
<b>NagimovSh.N., Berdyguzhin L.B., Zhumabayeva E., Moldasheva S.K.</b> THE GLORIOUS PATH OF THE TEACHERS OF THE ATYRAU REGION:FROM LITERACY CLASSES TO SECONDARY SCHOOLS .....	345
<b>Ospanov N.</b> HISTORIOGRAPHY OF THE RELATIONSHIPS BETWEEN THE NOMADS OF THE GREAT STEPPE WITH THE ANCIENT AND MEDIEVAL KOREAN STATES .....	358
<b>Ramazanova F.S., Kakenova Z.K.</b> ON THE HISTORY OF NATIONAL-LANGUAGE CONSTRUCTION IN SOVIET KAZAKHSTAN: FIGHT FOR THE LATIN ALPHABET.....	368
<b>Rustemov S.K., Orazov R.E.</b> THE MUSLIM MOVEMENT AND THE KAZAKHS.....	385
<b>Sadvokassova Z.T.</b> ORTHODOX PREACHING AMONG KAZAKHS (second half of the XIX-early XX centuries).....	399
<b>Satanov A.B.</b> HISTORY OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF DISTANCE EDUCATION: PHENOMENOLOGICAL RESEARCH.....	411
<b>Serubayeva A.T.</b> ISSUES OF ETHNIC AND POLITICAL HISTORY OF EAST TURKESTAN IN THE RESEARCH BY SH. UALIKHANOV.....	431
<b>Stamshalov E.I.</b> ARALTYUBES REBELLION: HISTORY AND LESSONS.....	443
<b>Tussupov A.R.</b> POLITICAL ANTHROPOLOGY AND SPECIFICITY OF THE NOMADIC STATEHOOD OF THE ANCIENT TURKS.....	458
<b>Uzhkenov E.M., Shotanova G.A.</b> HISTORY OF SARAYCHIK AND AKTOBE IN THE MIRROR OF RUSSIAN HISTORIOGRAPHY OF THE PRE-REVOLUTIONARYPERIOD.....	472
<b>Shakenov S.T., Yergabylov A.E.</b> BRIEF OVERVIEW OF THE HISTORY OF STUDYING BRONZE AGE MONUMENTS IN THE KALBA-NARYM REGION.....	484
<b>Shotanova G.A., Uzhkenov E.M., Dzhumagalieva K.V.</b> THE IMAGE OF JANGIR KHAN IN GOVERNANCE POLICY TOWARDS THE STEPPE IN DOMESTIC AND FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	495
<b>Shildebay S., Kabdushev B., Zhumatov D.</b> SOVIET KAZAKHSTAN: FROM THE HISTORY OF THE INTRODUCTION OFFICE WORK IN KAZAKH LANGUAGE.....	507

## **EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2020. 4(24)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2020.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru).  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй